**Кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның радиоактивті материалдарды кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын аумақтық бөлімшелерінің тізбесін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің 2004 жылғы 26 маусымдағы N 280 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 21 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 2956. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 21 қыркүйектегі № 474 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.21 № 474 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 373-бабына сәйкес кедендік шекарасы арқылы өткізілетін радиоактивті материалдарға тиімді кедендік ресімдеуді жүзеге асыру мақсатында Бұйырамын: Қараңыз.K100296

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін Еуразиялық Экономикалық Қоғамдастықтың сыртқы экономикалық қызметі Тауарлық номенклатурасының 2612, 2844 тауарлық позицияларында және 8401 30 0000 кодымен жіктелетін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның радиоактивті материалдарды (бұдан әрі - Тауарлар) кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын аумақтық бөлімшелерінің тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Тізбеде аталмаған аумақтық кеден органдарының ішкі кедендік транзит рәсімін және тауарлардың транзиті кедендік режимін қамтамасыз етумен байланысты операцияларды қоспағанда, Тауарларға қатысты кедендік операциялар жасауға құқықтары мен құзыреттері болмайды деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің Кедендік бақылауды ұйымдастыру департаменті (И.В.Тен) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің баспасөз қызметі осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының бірінші орынбасары А.Қ.Ержановқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Төрағаның міндетін атқарушы*

"Кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның бөлінетін және радиоактивтік материалдарға кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын аумақтық бөлімшелерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 26 маусымдағы N 280 бұйрығымен бекітілген

**Кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның радиоактивті материалдарды кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын аумақтық бөлімшелерінің тізбесі**

Ескерту: Тізбеге толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті Төрағасының 2004 жылғы 17 қарашадағы N 443 бұйрығымен .

| N р/б | Кеден органының атауы | Заңды мекен-жайы |
|---|---|---|
| 1 | Алматы қаласы бойынша Кедендік бақылау департаменті | 480091, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Алматы қаласы, Жібек жолы көшесі, 127 |
| 2 | Ақмола облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті | 475020, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, БЛКЖО-ның 50 жылдығы көшесі, 21 |
| 3 | Шығыс Қазақстан облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті | 492000, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Новатор көшесі, 7/2 |
| 4 | Жамбыл облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті | 484000, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 81 |
| 5 | Қарағанды облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті | 470038, Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Хмельницкий көшесі, 14 |

| | | |
|---|---|---|
| 6 | Қостанай облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті | 458003, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Гоголь көшесі, 183 |
| 7 | Маңғыстау облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті | 466200, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 3 "Б" мөлтекауданы, 130 |
| 8 | Павлодар облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті | 637046, Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Толстой көшесі, 98 |
| 9 | Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті | 486008, Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Театральная көшесі, 33 |
| 10 | Ақтөбе облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті | 463022, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы, Н.Қобланды көшесі, 7 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК